

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EAFC9370>***Л. Ә. Еспекова¹, Г. О. Сыздықова²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5485-5125>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6365-0113>*e-mail: espekova@bk.ru

«ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ» ЖЫРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЕСІМДЕР

Мақалада тарихи жырлардағы тарихи тұлғалар есімі сөз болады. Тарихи жырлар қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдермен байланысты болғандықтан, бұл жырлар құнды материал көзі болып саналады. Жырлардағы оқиғалар тарихи тұлғалар төңірегінде өрбиді. Тарихи жырда белгілі хандардың, батырлардың есімдері жиі кездеседі. Мақалада осы тарихи тұлғалардың есімдерінің қойылуы, халықтың қойған қосалқы аттары қарастырылады. Соның негізінде тарихи жырдағы Шыңғыс ханның, Есім ханның, Әбілғазы баһадүр хан есімдерінің қойылу ерекшеліктері нақты тілдік деректер негізінде талданады. Жұмыстың мақсаты тарихи жырдағы кісі есімдерінің мағыналық ерекшеліктерін саралай отырып, оның жырда қолданылу сипатына талдау жасау болып табылады. Тарихи тұлға есімдері өз дәуіріндегі тарихи оқиғалармен, тарихи фактілермен байланысты қарастырылады. Тарихи тұлғалардың халық берген қосалқы аттарының пайда болу ерекшеліктері талданады. Қосалқы есімдердің қалыптасу сипатын сөз еткенде, сол дәуірдегі тарихи жағдай, тарихи шындық, тарихи орта негізге алынады. Жырдағы қосалқы аттардың мағыналық ерекшеліктеріне талдау жүргізу барысында олардың ұлттық ерекшелігі, ұлттық сипаты басымдық танытатынын көреміз. Тарихи тұлғалардың қосалқы аттары бұл жай ғана есім емес, халықтың бұл тұлғаларға берген бағасы деп қараған жөн. Қосалқы аттар – тарихи тұлғаның сол дәуірде қоғам өмірінде алған орнын айғақтайтын құнды деректер.

Кілтті сөздер: тарихи жыр, тарихи есімдер, лақап аттар, тарихи оқиға, тарихи тұлғалар.

Кіріспе

Фольклордағы ерекше дара жанрлардың бірі – тарихи жырлар. Фольклор көпқатпарлы, көпсатылы, көпқырлы, ол бірнеше дәуірдің жемісі болып табылады [1, 8-б.]. Фольклорлық шығармаларда көп дүниелер халық фантазиясымен, қиялымен байланысты туындап жатса, тарихи жырлар негізінде тарихи шындық жатыр. Көп жағдайда, шығарманың басты кейіпкері тарихта болған белгілі тұлғалар болып келеді. Жырдағы оқиға сол тарихи тұлға өмір сүрген уақыттағы тарихи жағдайларға байланысты құрылады.

Тарихи жырларда қазақ халқының тарихындағы тұтас бір кезеңдер жатыр. Әрине, бұл шығармаларда берілген оқиғаларды қазақ халқының тарихы деп қабылдауға болмайды. Бұл көркем шығарма болғандықтан кейбір оқиғаларды суреттеуде, баяндауда түрлі көркемдік тәсілдер, тарихқа үйлеспейтін жайттар да ұшырасып жатады. Бірақ қай жағынан алсақ та, тарихи жырлар қазақ тарихындағы маңызды кезеңдерден мәлімет беретін құнды ақпарат көзі. Бұл жырлар тек ақпарат ғана емес, онда халық тілінің ғасырлар бойы жинақталған байлығы жатыр. Осы тарихи жырларда кездесетін тілдік фактілер негізінде әдеби тілдің қабаттары, қалыптасу кезеңдері де көрініс табады.

М. Әуезов тарихи жырлардың ертеде, кейінірек шыққандарының бәрі «анық тарихи оқиғаға» негізделгенін айта отырып, оның басты кейіпкері тарихта болған адамдар деп береді [1, 14-б.].

Тарихи жырларда қазақ халқының қалыптасу кезеңдерінде маңызды рөл атқарған хандар, билер, батырлар секілді ірі тұлғалар кездеседі. Олардың көпшілігі осы тарихи жырлардың бас қаһарманы болып табылады. Тарихи жырлардағы осы тұлғалар сол өз дәуіріндегі тарихи оқиғалар, тарихи фактілермен байланысты суреттеледі.

Материалдар мен әдістері

Тарихи жырларға қатысты зерттеулерді Ә. Диваев, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, С.Қасқабасов және т.б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Мақалаға негіз болған «Еңсегей бойлы Ер Есім» тарихи жырының нұсқасы «Бабалар сөзінің» 56-томынан алынды. Бұл халық ақыны Қ. Байболовтың жырлауымен хатқа түскен нұсқа болып табылады. Тарихи жырдың бұл нұсқасын И.Ырсымбетов 1938 жылы Орталық кітапхананың сирек қорына тапсырады [2, 363-б.].

«Еңсегей бойлы Ер Есім» тарихи жырындағы атақты тұлғалардың есімін талдауда жинақтау, сипаттау, саралау, талдау әдістері басшылыққа алынды. Бұл әдістер кісі есімдерінің тарихи жырда қолданылу ерекшеліктерін, кісі есімдерінің берілу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Felesan O., Felesan D. өз еңбегінде кісі есімдерін екіге бөліп қарайды, бірі «табиғи» түрде қалыптасқандары, ал екіншісі «уәжді» деп бөледі [3, 3-б.]. Тарихи жырлардағы кісі есімдерін уәжді антропонимдер қатарында қарастыруға болады. Себебі бұлардың көпшілігі аян беріліп қойылған есімдер болып табылады. «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырындағы кісі есімдері ретінде Пайғамбардың, сақабалардың, тарихтағы белгілі хандардың, атақты батырлардың есімдерін атай аламыз. Жырда Шыңғыс ханның, Тұрсын ханның, Тәуекел ханның, Есім ханның, Әбілғазы баһадүр ханның есімдері жиі аталады. Батырлардан үйсін Сүлеймен батыр, Жиємбет Бөртоғашұлы, Шабайдың ұлы Жақсығұл секілді есімдер ұшырасады. Бұл есімдердің көпшілігі тарихта болған, атақты тұлғалар. Жалпы көркем мәтіндегі кісі есімдерін зерттеудің маңызы зор. «In onomastics, the fact is known that a proper name in a literary text carries a certain ideological and artistic load, therefore, linguistic study of onyms is important» [4, 1199-б.]. Көркем мәтіндегі кісі есімінің де арқалайтын идеялық-көркемдік жүгі болады.

Тарихи жырдағы ерекше есімдердің бірі – Шыңғыс хан. Жыр Шыңғыс ханның дүниеге келуімен басталады. Тарихи жырдың «Хан Шыңғыс» тараушасында Шыңғыс ханның өмірге келуі, оған ат қойылуы жөнінде былай баяндалады:

Дүниеге бір күн бала пайда болды,
«Ділікүнболдақ» деген жерінде еді.
Қатындар кіндік кескен назар салса,
Оң қолы қан уыстап жұмулы еді.
«Зілінде үлкен патша болар» десіп,
Аттарын Темушин деп, қойыпты енді.
Жұрт сұрап даражаға жеткеннен соң,
Лақабын сонан кейін Шыңғыс дейді.
«Қожа–нұрдан, төрелер–сағымнан» деп,
Бұл сөздің осылайша мағынасы еді. [2, 382-б.]

Тарихи жыр мәтініне сүйенсек, алғашқы қойылған аты «Темушин», ал «Шыңғыс» лақап аты деп беріледі. Жалпы Шыңғыс хан тарихта қаһарлы есім екені белгілі. Тарихи жырдың өзінде шындыққа жанаспаса да, баланың қолына қан уыстап туғаны баяндалады. Тарихшылар «Шыңғыс» сөзінің этимологиясына байланысты түрлі деректер келтіреді: «мықты кісі», «тақ иесі», «нұрдан жаралған», «ұлы хан», «теңіз хан», «далай хан», «шын» – таудың ең биігі және «ғыс», «қыс» (күш) және т.б. [5, 199-б.]. Жоғарыдағы тарихи жыр мәтінде де «Шыңғыс» есімін «нұрмен» байланыстырады.

«Еңсегей бойлы Ер Есім» жырындағы ірі тұлға – Есім хан. Ол Қазақ Ордасының ханы [2, 380-б.]. Жырдағы Есім ханның аты оның өмірге келуімен

байланысты сипатталады. Оның дүниеге келуі әке-шешесінің Бұқардағы Бахауиддин әулие бейітіне зиярат етіп, Қашқардағы әулие Аппақ қожаға баруымен байланысты. Жырда «Қашқарда Аппақ кожа Ешен деген пайда болды» деп береді [2, 133-б.]. Сол жерге барғанда әкесі түсінде аспаннан түскен нұрды көреді, ол «бәйбішенің етегіне кіріп, нұр қайтып көкке шығып» ай болады [2, 134-б.]. Түсін жорып отырғанда Ешен әулие келіп:

«Жанар болды еңбегің,
Башарат бүгін көрдің», – деп,
Арқасынан қағады.
«Бір бала», -деп, -бейшара
Талай жерге сандалдың,
Әулие қоймай қыдырдың,
Бәрінен бар хабарым...
Бір Құдай салды назарын.
Пәлен күнде туылар,
Пәлен айда білініп.
Есің кетіп көріп ең,
Есім қой атын балаңның.
Аллау әқбар, рұқсат,

Бар, жолыңнан қалмағын» деп батасын беріп шығарып салады [2, 135-б.]. Бұл жердегі Ешен әулие (Аппақ кожа) Шығыс Түркістанда өмір сүрген «қылыш қожалар» әулетінен тарайтын ірі тарихи тұлға. Оның лақап аты «Һидаятулла» болады [2, 376-б.]. Міне, осы Ешен әулие балаға «Есім» деп ат береді. «Есім» деген аттың мағынасына көңіл бөлсек, ол атақ, даңқ дегенді білдіреді [6, 82-б.]. Есім ханға берілген ат оның атқарған істеріне толық сай келеді. Тарихқа жүгінсек, Есім хан талай ерлігімен, ерен істерімен атағы шыққан беделді, атақты тұлға болады. Бұл Есім ханның аты жайдан жай қойылмағандығының бір дәлелі.

Есім ханға халықтың да берген аты бар. Ол тарихта «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен қалғаны белгілі. Ханға бұл есім ойрат қалмақтарымен болған күрестегі ерлігі мен батылдығы үшін берілген [2, 381-б.]. Тарихи деректерде 1598 жылы Есім хан Тәуекел ханмен Мәуереннаһрға барған жорықта ерекше ерлік көрсетеді. Ханның бұл халық берген есімі Жиембет жыраудың «Уа, Еңсегей бойлы Ер Есім» деген толғауында да көрініс тапқан.

Жалпы қосалқы ат адамның түрлі іс-әрекетіне не дене бітіміне не мінез-құлқына сай қойылады. Есім ханның тарихтағы қосалқы аты оның ерлігі мен батылдығы үшін ғана емес, оның дене бітіміне де байланысты болса керек. «Еңсегей» сөзі «ұзын тұра, зор денелі» деген мағына береді [7]. Ал «еңсегей» сөзінің бойлы сөзімен тіркесуі адамның бойының ұзын әрі алып денелі екендігін көрсетеді. «Еңсегей бойлы» тіркесімен қатар

«ер» сөзі қолданылады. Ол Есімнің жай адам емес, ер жүрек, батыл адам екенін айқындап тұр. Берілген сөздердің мағынасын сүйене отырып, Есім ханның бойшаң алып денелі әрі батыр адам болғандығын танимыз.

Рахымберлина С. Ә., Жүнісова М. Қ. «Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі бейресми кісі есімдерінің орны» деген мақаласында адамның төл есіміне қарағанда қосалқы, бүркеншік, лақап аттарында ұлттық сипат, ұлттық ерекшелік басым болатындығын айтады. Жоғарыда берілген Есім ханның аты да ұлттық сипат алғанын байқауға болады. Қаншама дәуір өтсе де, халықтың берген аты өшкен жоқ. Тарих беттерінде Есім хан «Еңсегей бойлы Ер Есім» деген атпен қалып отыр. Бұл қосалқы аттың ұлттық сипат алуын ғана емес, ресми сипат алғандығының куәсі деуге болады [8, 39-6.].

Қазақ тарихында Есімнің аты заңдар жинағына да байланысты қолданылады. Бұл Қасым хан мен Есім ханға байланысты айтылады: «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол». Сол кездегі Ресей деректері бойынша Есімнің тұсында «қазақ халқы арасындағы жеті атаға дейін некеге тұрмау тәртібі заңдастырылғаны туралы айтылады. Ол қазақ халқының ата салтының сақталуына ерекше мән беріп, Қазақ Ордасының бірлігін нығайтып, шекарасын кеңейтуге үлкен үлес қосты» дейді [2, 382-6.]. Сонда бұл қанатты сөздер Есімнің қазақ даласында жүргізген саясатына байланысты халық арасында орнығып отыр. Соның нәтижесінде халық арасында Есім ханның атының орнына «Есімнің салған ескі жолы» деген қанатты сөз де қолданылған.

«Еңсегей бойлы Ер Есім» жырындағы келесі тарихи тұлғалардың бірі – Әбілғазы хан. Жырда «Әбілғазы баһадүр хан» деген тарауша кездеседі. Жыр мәтінінде ханның есіміне «баһадүр» сөзі қосылып айтылады:

Ассалаумағалейкум,
Арқан дәулет Есім хан!
Үргеніштен келемін,
«Әбілғазы баһадүр»
Деуші еді мені қанша жан [2, 161-6.].

Алдымен ханның есіміне тоқтайтын болсақ, Т. Жанұзақов «Әбілғазы» деген есім араб тілінен енгенін, оның «дін жолында күресуші, жеңімпаз» деген мағына беретінін айтады [6, 41-6.]. Ал енді оның қосалқы «баһадүр» деген аты «қаһарман, батыр» деген мағынаны береді. «Қазақ фольклорлық жырлары мен ескі қазақ жазбаларында актив қолданыста болып, «батыр» сөзінің орнына қолданылған» (Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі [9, 111-6.].

Тарихи жырлардағы кісі есімдерінің бір ерекшелігі бұнда тарихи тұлғаның өз есімінің қасында міндетті түрде оның қосалқы аты жүреді. Бұл қосалқы есім атауыштық қызмет атқармайды. Ол қосалқы есімдерді тарихи тұлғаға халықтың берген бағасы деп қабылдау керек.

Жалпы тарихи жырлардағы кісі есімдері аян беріліп қойылады. Бұндай жайтты тарихи жырлардан жиі кездестіреміз. Мысалға «Батыр Жәнібектің өлеңі» тарихи жырында да Жәнібектің өмірге келуі, атының қойылуы Баба Түкті Шашты Әзиз әулиенің есімімен байланысты беріледі. Жырда Баба түкті шашты Әзиз жәрдемші, пір ретінде беріледі.

Мен–Шашты Әзиз диуана.
Болдыңыз бір қыз, бір ұлды,
Жаратқан кеңдік бір қылды,
Қайғырып зарлап жылама...
Әсіл болды мұратың.
Ұлыңның аты–Жәнібек,
Қызыңның аты–Мақпал қыз,
Атын да мәлім қыламын.
Қабыл болды көз жасың... [2, 42-б.].

Жалпы аян беріп, балаға қоюды қазақ фольклорында жиі кездестіреміз. Әсіресе, бұл батырлар жырында кездеседі. Бұны қазақ халқы белгі деп қабылдаған, сондықтан жаңа туған нәрестенің атын міндетті түрде соған байланыстырып қойған. Жоғарыда берілген мәліметтер, тарихи жырлардағы есімдердің тосыннан қойылмағандығын дәлелдей түседі. Жырдағы кісі есімдерінің бір ерекшелігі олардың тарихтағы негізгі аттарымен бірге қосалқы аттары қатар қолданылып отырған. Бұл сол кездегі тарихи шындықты, тарихи ортаны, тарихи жағдайды беруде маңызды рөл атқарады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша АР23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты ғылыми жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Жырлардағы тарихи есімдер сол жырдың мазмұнын беруде, идеясын ашуда маңызды рөл атқарады. Себебі олар сол өздері өмір сүрген кезеңнің тарихын қамтиды. Сонымен қатар ол есімдер тарихи тұлғаның сол қоғамдағы орны туралы маңызды ақпарат береді. Ал тарихи тұлғаға халықтың берген қосалқы аттары оның кейбір қасиеттерін не әлеуметтік шығу тегін сипаттайды. Сондықтан кісі есімдерін жалқы есімдердің бірі түрі ғана емес, бұл тарихи категория қатарына жатады. Өйткені олар белгілі бір халықтың тарихынан хабардар етеді. Белгілі бір кезеңде өмір сүрген тұлғаларды, белгілі бір кезеңдегі қоғамның даму ерекшеліктерін көрсетеді. «Тарихи дискурста антропонимдер ерекше орын алады. Олар адамзат қоғамы дамуының белгілі бір кезеңін көрсететін тарихи оқиғалар тізбегінің өзіндік шамшырағы ғана емес, сонымен қатар уақыттық және кеңістіктік кедергілерді жеңуге

көмектеседі» [10, 79-б.]. Тарихи есімге сүйене отырып, біз сол тарихи кезеңдегі жағдайға, сол уақытқа баға береміз. Яғни, тарихи тұлғалар арқылы тізбектелген тарихи оқиғалардың мән-мағынасы ашылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Қасқабасов, С. А., Аймұхамбет, Ж. Ә.** Қазақ фольклоры [Мәтін]. – Алматы : Эпиграф, 2021. – 288-б.
- 2 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана : Фолиант, 2006. – Т. 56. – 352-б.
- 3 **Felecan, O., Felecan, D.** Unconventional Anthroponyms : Formation Patterns and Discursive Function. – Cambridge Scholars Publishing, –2014. – P. 550.
- 4 **Panova, E., Bocharnikova, N., Romanyuk, E.** The etymological meaning of anthroponyms and their role in the literary text // Brazilian Journal of Education, Technology and Society (BRAJETS). – 2023. – № 4. – P. 1197–1207. – <http://dx.doi.org/10.14571/brajets.v16.n4.1197-1207>
- 5 **Салғараұлы, Қ.** Ұлы Дала. – Астана : Фолиант, 2013. – 520-б.
- 6 **Жанұзақ, Т.** Есімдер сыры. – Алматы : Парасат, 2004. – 208-б.
- 7 Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электронды ресурс] – URL: <https://qazcorpus.kz/>
- 8 **Рахымберлина, С. Ә., Жүнісова, М. Қ.** Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі бейресми кісі есімдерінің орны // Қарағанды университетінің Хабаршысы, «Филология» сериясы, № 2(74). – 2014. – 35–40-б.
- 9 **Құрманбайұлы, Ш., Исақова, С., Мизамхан, Б.** Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596-б.
- 10 **Миньяр-Белоручева, А. П., Княжинская, Е. В.** Перевод антропонимов исторических личностей // Вестник Московского университета. – 2019. – Серия 22. – № 2. – С. 79–94

Reference

- 1 **Qasqabasov, S. A., Aimūhambet, J. Ä.** Qazaq fōklory [Kazakh Folklore] [Text]. – Almaty : Epigraf, 2021. – 288 p.
- 2 Babalar sözi. Jüz tomdyq. [Ancestral word. One Hundred Volumes]. – Astana : Foliant, 2006. – T. 56. – 352 p.
- 3 **Felecan, O., Felecan, D.** Unconventional Anthroponyms : Formation Patterns and Discursive Function. – Cambridge Scholars Publishing, 2014. – P. 550.
- 4 **Panova, E., Bocharnikova, N., Romanyuk, E.** The etymological meaning of anthroponyms and their role in the literary text // Brazilian Journal of Education, Technology and Society (BRAJETS). – 2023. – № 4. – P. 1197–1207. – <http://dx.doi.org/10.14571/brajets.v16.n4.1197-1207>

5 **Salğaraūly, Q.** Ūly Dala [Great Steppe].– Astana : Foliant, 2013. – 520 p.

6 **Janūzaq, T.** Esimder syry [Secrets of Names] [Text].– Almaty : Parasat, 2004. – 208 p.

7 Qazaq tılınıń űlttyq korpusy [National Corpus of the Kazakh Language] [Electronic resource]. – URL: <https://qazcorpus.kz/>

8 **Rahymberlina, S. Ą., Jūnisova, M. Q.** Qazaq onomastikalyq keńistigindegi beiresmi kısı esimderiniń ornı [The Role of Informal Personal Names in the Kazakh Onomastic Space] // Qarağandy universitetiniń Habarşysy, «Filologia» seriasy, № 2(74). – 2014. – 35–40 p.

9 **Qūrmanbaiūly, Ş., İsaqova, S., Mizamhan, B.** Qazaq tılınıń kirme sözder sözdiğı [Dictionary of Loanwords in the Kazakh Language]. – Almaty: Ūlttyq audarma bürosy, 2019. – 596 p.

10 **Minār-Belorucheva, A. P., Knājinskaia, E. V.** Perevod antroponimov istoricheskikh lichnostei [Translation of Anthroponyms of Historical Figures] // Vestnik Moskovskogo universiteta. – 2019. – Seria 22. – № 2. – P. 79–94.

15.01.24 ж. баспаға түсті.

22.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Л. А. Еспекова¹, Г. О. Сыздықова²

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, Астана қ.

Поступило в редакцию 15.01.24.

Поступило с исправлениями 22.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИМЕНА В ЖЫРАХ «ЕНСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСИМ»

В статье рассматриваются имена исторических личностей в исторических поэмах. Поскольку исторические песни связаны с важными периодами истории казахского народа, эти песни считаются ценным источником. События в песнях вращаются вокруг исторических личностей. Имена известных ханов, героев часто встречаются в исторических поэмах. В статье рассматриваются имена этих исторических личностей и прозвища, данные народом. Именно поэтому на основе конкретных лингвистических данных анализируются особенности имен Чингисхана, Есим хана и Абыльгазы

бахадур хана в исторической поэме. Цель работы – проанализировать особенности имен людей в исторической поэме, выделив смысловые особенности их употребления в стихотворении. Имена исторических деятелей рассматриваются в связи с историческими событиями и историческими фактами их эпохи. Анализируются особенности появления второстепенных имен исторических личностей, данных народом. Когда говорят о характере образования вторичных названий, за основу берутся историческая ситуация, историческая действительность, историческая среда той эпохи. При анализе семантических особенностей второстепенных имен в песне мы видим, что преобладают их национальные особенности и национальный характер. Второстепенные имена исторических деятелей следует считать как народную оценку. Прозвища являются ценными данными, свидетельствующими о положении исторической личности в жизни общества той эпохи.

Ключевые слова: историческая поэма, исторические имена, прозвища, исторические события, исторические личности.

*L. A. Espekova¹, G. O. Syzdykova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian

National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 15.01.24.

Received in revised form 22.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

HISTORICAL NAMES IN THE POEMS «A TALL MAN ESIM»

The article discusses the names of historical figures in historical poems. Since historical songs are associated with important periods in the history of the Kazakh people, these songs are considered a valuable source. The events in the songs revolve around historical figures. The names of famous khans, heroes are often found in historical poems. The article discusses the names of these historical figures and the nicknames given by the people. That is why the features of the names of Genghis Khan, Yesim Khan and Abilgazy Bahadur Khan in the historical poem are analyzed on the basis of specific linguistic data. The purpose of the work is to analyze the features of people's names in the historical poem, highlighting the semantic features of their use in the poem. The names of historical figures

are considered in connection with historical events and historical facts of their era. The features of the appearance of secondary names of historical figures given by the people are analyzed. When talking about the nature of the formation of secondary names, the historical situation, historical reality, historical environment of that era are taken as a basis. When analyzing the semantic features of secondary names in the song, we see that their national features and national character prevail. Secondary names of historical figures should be considered as a popular assessment. Nicknames are valuable data indicating the position of a historical figure in the life of society of that era.

Keywords: historical poem, historical names, nicknames, historical events, historical figures.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz